

## Жамбыл ауданы елді мекендеріндегі иттер мен мысықтарды күтіп ұстau ережелері туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 21 сәуірдегі N 6/1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 29 мамырдағы N 13-7-85 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 28 мамырдағы N 4/4 Шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық мәслихаттың 2012.05.28 N 4/4 Шешімімен**

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 3-бабы 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес, Жамбыл ауданы аумағында иттер мен мысықтарды күтіп ұстau жағдайларын тәртіпке келтіру, санитарлық жағдайды жақсарту мақсатында аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жамбыл ауданы елді мекендеріндегі иттер мен мысықтарды күтіп ұстau ережелері бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін 10 күнтізбелік күн откен соң күшіне енеді.

**Аудандық мәслихаттың  
кезектен тыс VI сессиясының**

**Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
т ө р ағ а с ы**

**Б.Оқасов** **Б.Мұсабаев**  
Жамбыл аудандық мәслихаты сессиясының  
2008 жылғы 21 сәуірдегі № 6/1 шешімімен  
бекітілген

**Жамбыл ауданы елді мекендеріндегі  
иттер мен мысықтарды күтіп ұстau  
ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңына, «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес өзірленді.

Осы Ереже аудан аумағында үй жануарларын, ал нақтысы ит, мысықтарды күтіп ұстауды регламенттеу мақсатында өзірленді және жеке және занды тұлғалардың осы Ереженің бұзылуына жауаптылығын белгілейді.

Осы Ереже меншік нысанына қарамастан иттер мен мысықтарды күтіп ұстайтын барлық занды және жеке тұлғаларға таралады.

Ереже Жамбыл ауданының елді мекендері аумағында қолданылады.

## 2. Иттер мен мысықтарды күтіп ұстau

1. Жануарларды ұстайтын иелерімен санитарлық-гигиеналық, үй жануарларын күтіп ұстau ветеринарлық ережелері сақталуға тиіс.

2. Иттерді аулаларда ұстau кезінде иелері оларды байлаулы немесе тор қоршауларда ұстauға, иттің қашуын болдырмауға және көршілердің аулаларынан қашықтықта ұстauға тиісті. Аулаға кіре бергенде қақпада ит бар туралы ескерту кестешесі болуға тиісті. Иттер мен мысықтарды ұстau саны шектелмейді, бірақ көршілерге қолайсыздық тудырмауға тиіс.

3. Көшелерде және өзге қоғамдық жерлерде ерітіп жүретін адамсыз жүрген иттер аулануға жатады.

4. Дүкен, ауруханалардың маңында иелерімен уақытша байлаулы қалғандардан басқа қоғамдық жерлерде ерітіп жүретін адамсыз жүрген ит, мысықтар қараусыз қалғандар деп табылады.

5. Барлық үш айлықтан бастап иттер, ал мысықтар екі айлықтан бастап алғашқы тіркелуге және жыл сайын қайта тіркелуге жатады.

6. Иелері сатып алған және тұрғылықты жерін ауыстырган жағдайда үй жануарлары екі апталық мерзімде тіркеледі.

7. Ит, мысықтарды тіrkеген жағдайда иесіне жануар иесінің есебінен ветеринарлық паспорт және белгіленген үлгідегі нөмірлік жетон беріледі.

Тіrkeу кезінде жануар иесі осы Ережелермен таныстырылуға тиіс. Таныстырылу айғағы Тіrkeу кітабында жануар иесінің қолымен күеландырылады.

8. Жануар иелеріне қажет:

1) жануарларды олардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес күтіп ұстau, оларға ізгі қарау, қараусыз қалдырмау, сырқаттанған жағдайларында уақытында ветеринарлық көмек көрсету;

2) осы Ереженің талаптарына сәйкес жануарлардың тиісті дәрежеде ұсталуын

3) қоршағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, тыныштық, санитарлық ережелерді сақтауға қажетті шаралар қабылдау;

4) ортақ пайдаланатын жерлерді кір-қоқыстан тазалау;

5) адамға немесе жануарға жануарлармен тістей келтірілген жағдайларда бұл туралы дереке жақын жердегі медицина немесе ветеринария мекемесіне хабарлау, жануарларды мемлекеттік ветеринария қызметіне қарау мен карантин үшін ж е т к і з у г е ;

6) жануарлардың мәйіттерін қоқыс жинау жерлеріне лақтырмау, өлген жануарлардың мәйіттері кәдеге жаратылуға жатады;

7) арам шыбын-шіркей және кеміргіштердің пайда болуына жол бермеу үшін шаралар қабылдау, жануарларды қараусыз қалдырмау, олардың қаңғырып ж ү р ү і н б о л д ы р м а у ;

8) белгіленген мерзімдерде ветеринарлық іс-шараларды жүзеге асыру, жануарлардың карантиндік тәртібін сақтау, жүқпалы ауруларды жою бойынша шаралар қабылдау.

### **3. Осы Ережелердің бұзылуына жануар иелерінің жауаптылығы**

9. Осы Ережелердің бұзылуына кінәлі жеке және заңды тұлға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 311 бабына сәйкес жауаптылыққа тартылады.

10. Материалдық нұқсан болуы жағдайында, оның орнын толтыру үшін, зардап шегушінің сотқа жүгінуге құқығы бар.